

Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы  
коммуналдық мемлекеттік  
кәсіпорны

Коммунальное  
государственное предприятие  
на праве хозяйственного  
ведения  
«Общеобразовательная  
средняя  
школа № 136»  
управления образования  
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**БҰЙРЫҚ № 112/1**  
2023 жылғы 12 қыркүйек  
Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ № 112/1**  
12 сентябрь 2023 год  
город Шымкент

**Ата-аналар комитетінің  
құрамын бекіту туралы**

1. Ата-аналар комитетінің жұмысын жандандыру және мектеп ұжымымен бірігіп жұмыс жасау, мектеп пен отбасын нығайту, ата-аналар жауапкершілігін арттыру мақсатында мына төмендегі ата-аналар комитетінің құрамының бекітілуін БҰЙЫРАМЫН:

| № | Ата-ананың аты-жөні | Атқаратын қызметі               | Жұмыс орны       | Сымтетігі   | Мекен-жайы                 |
|---|---------------------|---------------------------------|------------------|-------------|----------------------------|
| 1 | Жанбұршын Ж         | Ата-аналар комитетінің төрағасы | Кәсіпкер         | 87765554677 | Абдраманов 34              |
| 2 | Жакипова М          | Ата-аналар комитетінің мүшесі   | Жұмыссыз         | 87716686806 | Самал 3<br>Тәжібаев 16-91А |
| 3 | Кужумова А          | Ата-аналар комитетінің мүшесі   | Абай кітапханасы | 87012781710 | Самал 3,<br>Тәжібаев 16-79 |

2. Ата-аналар комитеті құрамымен тығыз байланыс жасауды ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов пен П.И.Садыбековаға жүктелсін.

Мектеп директоры  Л.Н.Мырзакасымова





Бекітемін  
Мектеп директоры  
Л.Н.Мырзакасымова

**№136 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнында жалпы ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары  
2023-2024 оқу жылы**

| № | Орындалатын жұмыстар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Мерзімі  | Жауаптылар                                                                                                                                                                    |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | <p align="center"><b><u>1 – жиналыс</u></b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Жалпыадамзаттық – құндылықтар отбасы тәрбиеснің негізі. Отбасы – тәрбиенің басты ұясы!» бейнеролик<br/>Ата - аналар комитетінің құрамын қайта бекіту .<br/>Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру.<br/>Әр түрлі мәселелер.<br/>Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бойынша түсіндіру жұмыстары</p>                                                                                                                                                                                | қыркүйек | Мектеп әкімшілігі<br>ДТІЖО<br>Б.А.Ибрагимов,<br>П.И.Садыбекова<br>Ата-аналар<br>комитетінің төрағасы<br>Ж.Жанбуршын                                                           |
| 2 | <p align="center"><b><u>2 – жиналыс</u></b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мектеп , ата-ана, бала арасындағы байланыс»<br/><b>1.Дарынды балалармен жұмыс озат тәжірибе және нәтиже.</b><br/>2 Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған психологиялық тренингтер<br/>І тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі.<br/>2016 жылғы 16 қаңтардағы №26 бұйрық негізінде мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау және діни атрибуттары бар киімдермен келетін оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргізу.</p> | қараша   | ДТІЖО<br>Б.А.Ибрагимов,<br>П.И.Садыбекова<br>ДОІЖО Д.Бозшабаева<br>М.Есмурзаева<br>Мектеп психологы<br>Ж.Тоқсанбаева<br>Тәлімгер Ұ.Күденова<br>Пед.ұйымдастырушы<br>Г.Исакова |
| 3 | <p align="center"><b><u>3-жиналыс</u></b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Балаларға тәрбие мен білім берудегі ата-аналардың құқықтары</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | қаңтар   | ДТІЖО<br>Б.А.Ибрагимов,                                                                                                                                                       |



|   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |        |                                                                                                                                          |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | <p><b>мен міндеттері »</b></p> <p>1 .Ата-аналармен олардың балаларының денсаулығы туралы сұхбаттасу, қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасында жиі кездесетін ауру түрлері жайлы мәлімет беру<br/>«Дені сау бала-болашақ жемісі»</p> <p>2 II тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі</p> <p>1.4,9,11-сынып оқушыларының ББЖМ-ға, ҰБТ-ға дайындықтарын дұрыс ұйымдастыру.</p> <p>3.ҚР Неке және отбасы туралы заңы. Некенің бұзылуы және баланың мүліктік құқығы. Баланың мемлекет көмегіне құқығы.</p> <p>4.Ерекше назардағы балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмысын талқылау.</p> |        | <p>П.И.Садыбекова<br/>Мектеп психологы<br/>А.Базарбаева<br/>А.Жоланова<br/>Мектеп әкімшілігі<br/>ДОІЖО Д.Бозшабаева<br/>М.Есмурзаева</p> |
| 4 | <p><b><u>4-жиналыс</u></b></p> <p>Тақырыбы: «Адамгершілікке тәрбиелеу құралы еңбек пен ата-ана үлгісі»</p> <p>1 «Қылмыс –қоғамдағы қауіпті әрекет» Ішкі істер қызметкерлерін қатыстыра отырып, атааналарға құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу</p> <p>2 «Кәсіптік білім беру-бүгінгі күннің басты талабы»</p> <p>3 «Жарасымды жанұя» /семинар - тренинг</p>                                                                                                                                                                                          | наурыз | <p>ДТІЖО<br/>Б.А.Ибрагимов,<br/>П.И.Садыбекова<br/>Мектеп психологы<br/>Д.Бозшабаева<br/>М.Есмурзаева</p>                                |
| 5 | <p><b><u>5-жиналыс</u></b></p> <p>Тақырыбы: «Отбасы мен мектептің өзара қатынасының тиімділігі»</p> <p>1 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі</p> <p>2 Жалпыұлттық ата-аналар жиналысын өткізу</p> <p>3 Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                      | мамыр  | <p>ДТІЖО<br/>Б.А.Ибрагимов,<br/>П.И.Садыбекова<br/>Мектеп психологы<br/>Д.Бозшабаева<br/>М.Есмурзаева</p>                                |

ДТІЖО  Б.Ибрагимов  
 П.Садыбекова



Бекітемін  
Мектеп директоры  
Л.Н.Мырзакасымова

**№136 жалпы орта білім беретін мектебі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар комитетімен жүргізілетін жұмыс жоспары**

| № | Жұмыс мазмұны                                                                                                                                                                                                                                                         | Мерзімі  | Жауапты                                                                                                       | Нәтиже           |
|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| 1 | 1.Өткен оқу жылының қорытындысы, жаңа 2023 – 2024 оқу жылының міндеттері.<br>2.Ата- аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту.<br>3. <b>Отбасы – тәрбиенің басты ұясы!»</b> бейнеролик                                                            | қыркүйек | Мектеп директоры<br>Л.Н.Мырзакасымова<br>ДТЖО<br>Б.А.Ибрагимов,<br>П.И.Садыбекова<br>мектеп әкімшілігі        | хаттама,<br>фото |
| 2 | 1.Оқушыларды мектепке қабылдау, оқыту және шығару тәртіптері. Мектеп ережелерімен таныстыру.<br>2. Ағымдағы мәселелер.<br>3.«Бірінші сынып оқушылары мен ата-аналарына психологиялық көмек»<br>4.Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын жандандыру. | қыркүйек | Ата-аналар<br>комитетінің<br>төрағасы<br>Ж.Жанбұршын<br>Педагог-психолог<br>Ж.Токсанбаева<br>Сынып жетекшілер | ақпарат          |
| 3 | Қауіпсіздік сабағының өту барысы жайлы сауалнама алу.                                                                                                                                                                                                                 | қазан    | Мектеп<br>әкімшілігі                                                                                          | анықтама         |



|   |                                                                                                                                                                            |                   |                                                                                                            |                              |
|---|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------|
|   | 1. Мектепте жүргізілген тәрбиелік шаралардың оқушылар тәрбиесіне тигізер ықпалы.                                                                                           |                   | ата-аналар комит.<br>Ж.Жанбұршын                                                                           |                              |
| 4 | Аптаның сәрсенбі күні<br>«Ашық есік күнін» өткізу.                                                                                                                         | қараша<br>ақпан   | ДТЖЖО:<br>Б.А.Ибрагимов,<br>П.И.Садыбекова                                                                 | Анықтама<br>фото             |
| 5 | Ата-аналар жиналысы:<br>1. I жарты жылдық қорытындысы<br>2. «Мектеп ,ата-ана,бала арасындағы байланыс»<br>3.Ағымдағы мәселелер                                             | желтоқсан         | Мектеп әкімшілігі<br>ДТЖЖО:<br>Б.А.Ибрагимов,<br>П.И.Садыбекова<br>құқық пәнінің<br>мұғалімі<br>М.Джунисов | Хаттама                      |
| 6 | 1.Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру,бірлескен жұмыстар<br>2. Ағымдағы мәселелер.                                                                                              | желтоқсан         | ДТЖЖО<br>Б.А.Ибрагимов,<br>П.И.Садыбекова<br>Педагог-психолог<br>Ж.Токсанбаева<br>сынып жетекшілері        | мерекелік<br>шара            |
| 7 | 1.Ата-аналар комитетінің отырысы<br>2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстар<br>3. «Балаларға тәрбие мен білім беруде ата-аналардың құқықтары ма,міндеттері ме?» | наурыз<br>жыл бой | Сынып жетекшілері<br>ата-аналар<br>комитетінің<br>төрағасы<br>Ж.Жанбұршын                                  | хаттама<br>мерекелік<br>шара |
| 8 | «Біз баламызды білеміз бе?» Сауалнама                                                                                                                                      | сәуір             | Мектеп психологы<br>А.Базарбаева<br>А.Жоланова                                                             | әзірлеме                     |
| 9 | Мектеп бойынша тәрбиеге қиындық келтіретін балаларды анықтау , ата – аналармен байланыс жасау .                                                                            | жыл бойы          | ДТЖЖО<br>Б.А.Ибрагимов,                                                                                    | анықтама                     |

|    |                                                                                                                                                              |                   |                                                                                                                                                                |                     |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------|
|    | 11 сынып оқушыларын ҰБТ – ға дайындық жұмыстарына ата - аналардың жауапкершілігін арттыру.                                                                   |                   | П.И.Садыбекова<br>әлеуметтік педагог<br>Ж.Естаева<br>мектеп әкімшілігі,<br>сынып жетекшілері                                                                   |                     |
| 10 | 1. Жалпы ата-аналар жиналысы<br>2. «Ата- аналар университеті» ата- аналарға педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру.<br>3. Жазғы демалыс | мамыр<br>жыл бойы | Мектеп директоры<br>Л.Н.Мырзакасымова<br>мектеп әкімшілігі<br>Пед.психологтары<br>А.Базарбаева<br>А.Жоланова<br>Ата-ана комитетінің<br>төрағасы<br>Ж.Жанбұршын | хаттама,<br>ақпарат |

ДТІЖО



Б.А.Ибрагимов  
П.И.Садыбекова

Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве хозяйственного  
ведения  
«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»  
управления образования  
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

### Жалпы ата-аналар жиналысының ХАТТАМАСЫ №1

Өткізілген күні: 14.09.2023ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
ата-аналар комитеті

#### **Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

#### **Тақырыбы: Жалпыадамзаттық –құндылықтар отбасы тәрбиесінің негізі**

1. Отбасы-тәрбиенің басты ұясы бейнеролик
2. Ата-аналар комитетінің құрамын қайта бекіту
3. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу бойынша түсіндіру жұмыстары
5. Әртүрлі мәселелер

#### **Тыңдалды:**

«Жалпыадамзаттық –құндылықтар отбасы тәрбиесінің негізі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтілді. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова сөз сөйлеп, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

Отбасы-тәрбиенің басты ұясы бейнеролик көрсетілді.

Отбасы — қоғамның ең маңызды бөлшегі, адам өміріндегі ең алғашқы тәрбие ошағы. Баланың мінез-құлқы, әдептілігі, үлкенге құрметі мен кішіге ізеті — бәрі де ең алдымен отбасындағы тәрбиеге байланысты қалыптасады.

Ата-ана баланың алғашқы ұстазы, өмір жолындағы бағыт-бағдар берушісі болып табылады. Отбасындағы өзара сыйластық, түсіністік, жылы қарым-қатынас — баланың тұлға болып қалыптасуының негізі.



Мектеп пен отбасы тығыз байланыста жұмыс істегенде ғана тәрбие мен білім беру нәтижелі болады.

Отбасы – сүйіспеншілік, мейірім, жауапкершілік және рухани байлықтың бастауы. Ата-ананың баласына деген қамқорлығы мен үлгісі арқылы бала еңбеккор, әдепті, отансүйгіш азамат болып өседі.

Отбасы – тәрбиенің алтын ұясы, рухани байлықтың бастауы.

Балаға дұрыс тәрбие беру – ата-ананың ең үлкен борышы әрі ел болашағына қосқан үлесі.

Келесі мәселе бойынша Ата-аналар комитетінің құрамын қайта сайлап, ата-аналар комитетінің төраағасы болып Ж.Жанбұршын сайланды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ДТЖЖО Б.Ибрагимов мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырып өтті.

Мектептің ішкі тәртіп ережесі — оқу орнындағы тәртіп пен ұйымшылдықты қамтамасыз ететін негізгі құжат. Ол әрбір оқушының мінез-құлқын, жауапкершілігін және мектеп мүлкіне, ұстаздар мен сыныптастарына деген қарым-қатынасын реттейді.

Мектеп ережесін сақтау – әр оқушының міндеті. Мектеп ішінде және сабақ кезінде оқушылар әдепті, ұқыпты, тәртіпті болуы тиіс. Сабаққа кешікпеу, мектеп формасын таза ұстау, оқу құралдарын ретімен пайдалану – мәдениетті оқушының басты белгілері.

Сонымен қатар, оқушылар:

Мұғалім мен өзге қызметкерлерге құрметпен қарауға;

Мектеп мүлкіне ұқыпты қарауға;

Мектеп ауласында тазалық пен тәртіпті сақтауға;

Сабақтан себепсіз қалмауға;

Достарына және кіші сынып оқушыларына үлгі болуға міндетті.

Мектеп ережелерін сақтау — тек қана тәртіп емес, ол оқушының өз-өзіне және өзгеге деген жауапкершілігі мен мәдениетінің көрінісі.

Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау — білім сапасының, тәртіп пен өзара сыйластықтың кепілі.

Тәртіп бар жерде — тәрбие бар, тәрбие бар жерде — нәтиже бар.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша ДТЖЖО Б.Ибрагимов сөз алып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша айтып өтті.

Сыбайлас жемқорлық — қоғамның дамуына, әділдік пен заң үстемдігіне кері әсер ететін жағымсыз құбылыс. Оны болдырмау – әрбір азаматтың парызы мен міндеті.

Мектеп ұжымы мен оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында үнемі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады. Бұл жұмыстардың мақсаты — жас ұрпақтың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік және заңға құрметпен қарау қасиеттерін қалыптастыру.



Сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, пікірталастар мен сурет көрмелері арқылы оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастырады. Әр оқушы өз ісінде адал болып, әділдікке ұмтылса, қоғамда жемқорлыққа орын болмайды.

Мұғалімдер мен ата-аналар да бұл бағытта балаларға үлгі көрсетіп, парасаттылық пен тазалық қағидаларын күнделікті өмірде ұстануы қажет.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу — елдің болашағына, жастардың саналы тәрбиесіне бағытталған маңызды іс.

Адалдық — адамдықтың белгісі, ал адал ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі-деп сөзін аяқтады ДТЖЖО Б.Ибрагимов.

Қаулы:

1. Жалпыадамзаттық –құндылықтар отбасы тәрбиесінің негізі тақырыбында өтілген жалпы ата-аналар жиналысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Ата-аналар комитетінің құрамын сайлау «өз дәрежесінде» деп танылсын.
4. Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстырылып, ережеге сай жұмыс жасалсын.
5. Сыбайлас жемқорлықтың алдын –алу бойынша түсіндіру жұмыстары жиі жүргізілсін.

Мектеп директоры

Хатшы



Л.Н.Мырзакасымова

М.Данакабаева

Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве хозяйственного  
ведения  
«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»  
управления образования  
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Жалпы ата-аналар жиналысының ХАТТАМАСЫ №2**

Өткізілген күні: 23.11.2023ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
ата-аналар комитеті

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

**Тақырыбы: «Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс»**

1. Дарынды балалармен жұмыс озат тәжірибе және нәтиже
2. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған психологиялық тренингтер
3. 1-тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі
4. 2016 жылғы 16 қаңтардағы №26 бұйрық негізінде мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау және діни атрибуттары бар киімдермен келетін оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргізу

**Тыңдалды:**

«Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өтілді.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ДТЖЖО Б.Ибрагимов сөз алып, таныстырып өтті.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты міндеті – шығармашылық қабілеті жоғары, ой-өрісі кең, ізденімпаз тұлға тәрбиелеу. Осы бағытта дарынды балалармен жұмыс ерекше маңызға ие.



Мектепте дарынды оқушыларды анықтау, олардың қабілетін дамыту мақсатында түрлі үйірмелер, олимпиадалар, ғылыми жобалар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастырылып келеді. Мұғалімнің негізгі міндеті – баланың ішкі мүмкіндігін танып, сол қабілетті ұштау, бағыт беру.

Озат тәжірибе ретінде:

Саралап, даралап оқыту әдістерін қолдану;

Жеке білім беру бағдарламасын құру;

Оқушыны ғылыми-зерттеу жұмысына тарту;

Шығармашылық орта қалыптастыру;

Пәндік және зияткерлік олимпиадаларға жүйелі дайындық жүргізу;

сияқты жұмыстар оң нәтиже беріп отыр.

Нәтижесінде мектеп оқушылары аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі пән олимпиадалары мен байқауларда жүлделі орындарға ие болып, мектептің мәртебесін көтеріп келеді. Сонымен қатар, мұндай жұмыстар оқушылардың өз-өзіне сенімділігін арттырып, болашақ мамандық таңдауда дұрыс бағыт алуына ықпал етеді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп психолгы Ж.Токсанбаева сөз алып, Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған психологиялық тренингтер туралы айтып өтті.

Ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен сенім — тұлғаның дұрыс қалыптасуының негізі. Сондықтан мектепте және ата-аналар жиналыстарында психологиялық тренингтер ұйымдастырудың маңызы зор. Тренингтердің мақсаты — отбасы мүшелері арасындағы эмоционалдық байланысты күшейту, өзара сыйластық пен сенімді арттыру, бала мен ата-ананың бір-бірін жақсырақ түсінуіне жағдай жасау.

Психологтар мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен өткізілетін тренингтер барысында мына бағыттағы жұмыстар қамтылады:

«Мен және менің отбасым» тақырыбында пікір алмасу, сурет салу, эссе жазу; «Жылы сөздер шеңбері», «Мейірім сыйлау» жаттығулары арқылы жағымды эмоциялар туғызу;

Бірлескен ойындар мен тапсырмалар арқылы ата-ана мен баланың қарым-қатынасын дамыту;

«Балаңызға хат», «Мен сізді түсінемін» секілді рөлдік жаттығулар өткізу;

Сенім мен тыңдау мәдениетін дамытуға арналған шағын әңгімелер мен пікірталастар ұйымдастыру.

Мұндай тренингтер барысында ата-аналар өз баласының мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жақсырақ түсініп, бала да өз сезімін ашық жеткізуге үйренеді. Бұл өзара түсіністік пен жылы қарым-қатынас орнатуға жол ашады. Қорыта келгенде, психологиялық тренингтер — ата-ана мен бала арасындағы сенім мен сүйіспеншілікті арттыратын тиімді құрал.

Отбасындағы мейірім мен сыйластық — баланың рухани саулығы мен өмірдегі табысының кепілі.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша ДТЖЖО Б.Ибрагимов 1-тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебін тайтып өтті.

Сонымен қатар 2016 жылғы 16 қаңтардағы №26 бұйрық негізінде мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау және діни атрибуттары бар киімдермен келетін оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы туралы негізгі мәліметтер: «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы».

Бекітілген күні: 2016 жылғы 14 қаңтар.

Тіркелген күні: 2016 жылғы 16 ақпанда № 13085 болып тіркелген.

Мақсаты: Орта білім беру ұйымдарында оқушыларға қойылатын мектеп формасының міндетті талаптарын айқындау.

Негізгі талаптар

Бұйрықта келесі талаптар көзделген:

Мектеп формасының классикалық стильде, ашық емес түстерде, үштен көп емес түс гаммасында жасалуы.

Ұлдар мен қыздарға арналған мектеп формасының үлгісі (пиджак, шалбар, юбка, классикалық жейде және т.б.) белгілену.

Мектеп формасына діни конфессияларға қатысты киім элементтерін енгізуге болмайды.

Ата-аналар мен заңды өкілдердің баланың мектеп формасын киюіне жауапты екені бекітілген.

Бұл құжат мектептерге бірінғай оқушы формасын енгізу арқылы тәртіп пен үлгілі киім мәдениетін нығайтуға бағытталған.

Мұғалімдер, мектеп әкімшілігі мен ата-аналар үшін нақты критерийлер белгіленген — мектеп формасы мәселесі бойынша түсіністік орнату көзделген.

Оқушылар үшін де ортада бір-біріне тең мүмкіндік жасау және назарды оқуға аудару маңызды болған-деп сөзін аяқтады ДТЖЖО Б.Ибрагимов.

Қаулы:

1. Дарынды балалармен жұмыс озат тәжірибе және нәтиже жұмысы жандандырылсын.



2. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға арналған психологиялық тренингтер жалғасын тапсын.
3. 1-тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі «қанағаттанарлық» деп танылысн.
4. 2016 жылғы 16 қаңтардағы №26 бұйрық негізінде мектеп формасына қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау және діни атрибуттары бар киімдермен келетін оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын жүргізу «қанағаттанарлық» деп танылып, мектеп формасын кию қолға алынсын.

Мектеп директоры

Хатшы



Л.Н.Мырзакасымова

М.Данакабаева

Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве хозяйственного  
ведения

«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»  
управления образования  
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Өткізілген күні: 14.01.2024ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
ата-аналар комитеті

### Жалпы ата-аналар жиналысының ХАТТАМАСЫ №3

#### Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

**Тақырыбы: «Балаларға тәрбие мен білім берудегі ата-аналардың құқықтары мен міндеттері»**

1. Ата-аналармен олардың балаларының денсаулығы туралы сұхбаттасу , қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасында жиі кездесетін ауру түрлері жайлы мәлімет беру «Дені сау бала-болашақ жемісі»
2. II тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі
3. 4,9,11 –сынып оқушыларының ББЖМ-ға , ҰБТ –ға дайындықтарын ұйымдастыру.
4. ҚР Неке және отбасы туралы заңы .Некенің бұзылуы және баланың мүліктік құқығы. Баланың мемлекет көмегіне құқығы.
5. Ерекше назардағы балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмысын талқылау.

#### Тыңдалды:

«Балаларға тәрбие мен білім берудегі ата-аналардың құқықтары мен міндеттері» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Күн тәртібіндегі мәселелермен ДТЖО П.Садыбекова таныстырып өтті.  
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Мектеп психологы А.Жоланова сөз алып,



Ата-аналармен олардың балаларының денсаулығы туралы сұхбаттасу, қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасында жиі кездесетін ауру түрлері жайлы мәлімет беру «Дені сау бала-болашақ жемісі» тақырыбында сөз қозғап,баяндама оқыды.

Дені сау ұрпақ – елдің ең басты байлығы және жарқын болашағының кепілі. Бала денсаулығы — тек ата-ананың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Денсаулығы мықты бала – оқу мен еңбекке қабілетті, өмірге құштар, елінің дамуына үлес қосатын азамат болып өседі. Бүгінгі таңда мектептер мен балабақшаларда салауатты өмір салтын насихаттау, дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану және жеке бас гигиенасын сақтау бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Бұл жұмыстардың мақсаты – әр баланың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру.

Денсаулықтың негізгі үш тірегі бар:

1. Дұрыс тамақтану,
2. Қозғалыс пен спорт,
3. Жақсы көңіл-күй мен рухани тазалық.

Ата-ана мен мектептің бірлескен жұмысы — баланың физикалық және психологиялық саулығын нығайтудың басты шарты.

Мектеп өмірінде спорттық жарыстар, сергіту сәттері, салауатты өмір салтына арналған тренингтер өткізу арқылы оқушылардың бойында денсаулық мәдениеті қалыптасады.

Қорыта айтқанда, дені сау бала — мемлекеттің болашағының алтын діңгегі. Әрбір ата-ана, мұғалім және қоғам мүшесі баланың денсаулығын қорғауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға атсалысуы қажет.

Дені сау ұрпақ — жарқын болашақтың кепілі!

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ДТЖЖО Б.Ибрагимов сөз алып, II тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша Д.Бозшабаева сөз алып, 4,9,11 –сынып оқушыларының ББЖМ-ға, ҰБТ –ға дайындықтарын ұйымдастыру туралы айтып өтті.

ДТЖЖО Б.Ибрагимов сөз алып, Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексіне сәйкес, неке (ерлі-зайыптылық) келесі жолдармен бұзылады:

1. АХАТ органдары арқылы — егер ерлі-зайыптылардың ортақ кәмелетке толмаған балалары болмаса немесе екі жақтың келісімімен.
  2. Сот тәртібімен — егер ерлі-зайыптылардың ортақ балалары болса, немесе бір тарап келісім бермесе, не мүліктік дау туындаса.
- Сот некені бұзу кезінде:
- баланың кіммен қалатынын;
  - ата-анасының алимент төлеу міндетін;

ортақ мүліктің бөлінуін анықтайды.

Сот шешімі заңды күшіне енген соң, неке бұзылған болып есептеледі және бұл туралы тиісті жазба азаматтық хал актілерін тіркеу органында тіркеледі.

## 2. Баланың мүліктік құқығы

Бала — өз ата-анасының некеде немесе некесіз туғанына қарамастан, тең құқыққа ие тұлға.

Кодекске сәйкес, баланың мүліктік құқықтары мыналарды қамтиды:

1. Мұрагерлік құқығы — ата-анасының бірі қайтыс болған жағдайда бала заң бойынша мұрагер болып табылады.

2. Алимент алу құқығы — ата-аналарының ажырасуына қарамастан, бала олардың бірінен материалдық көмек (алимент) алуға құқылы.

3. Мүлікке иелік ету және пайдалану құқығы — егер ата-анасы немесе басқа тұлғалар бала атына мүлік (үй, пәтер, депозит және т.б.) рәсімдесе, ол баланың меншігі болып табылады.

4. Мүліктік мүдделерін қорғау құқығы — бала кәмелетке толмаған жағдайда оның мүддесін ата-анасы немесе қамқоршысы қорғайды.

5. Білім, киім, тамақ және емделу шығындарын өтеу құқығы — бұл да ата-аналардың заңды міндетіне жатады.

## 3. Мемлекет қорғауы

Мемлекет баланың мүліктік және жеке мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Егер ата-аналар өз міндетін орындамаса немесе баланың құқығын бұзса, қорғаншылық және қамқоршылық органдары, сондай-ақ сот араласа алады.

Қорыта айтқанда, некенің бұзылуы — ата-аналардың қарым-қатынасына қатысты шешім болса да, ол баланың құқықтарына әсер етпеуі керек.

Бала — ата-ананың ортақ жауапкершілігі.

Оның мүліктік, жеке және әлеуметтік құқықтарын қорғау — мемлекеттің, ата-ананың және қоғамның ортақ борышы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ДООЖО М.Есмурзаева сөз алып, Ерекше назардағы балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс туралы айтып өтті.

## Қаулы:

1. Ата-аналармен олардың балаларының денсаулығы туралы сұхбаттасу, қазіргі таңдағы жасөспірімдер арасында жиі кездесетін ауру түрлері жайлы мәлімет беру «Дені сау бала-болашақ жемісі» туралы оқылған баяндама «қанағаттанарлық» деп танылсын.



2. II тоқсандағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі өз дәрежесінде деп танылсын.
3. 4,9,11 –сынып оқушыларының ББЖМ-ға ,ҰБТ –ға дайындықтары күшейтілсін.
4. ҚР Неке және отбасы туралы заңы .Некенің бұзылуы және баланың мүліктік құқығы. Баланың мемлекет көмегіне құқығы туралы түсіндірме жұмыстары «өз дәрежесінде» деп танылсын.
5. Ерекше назардағы балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс күшейтілсін.

Мектеп директоры

Хатшы



Л.Н.Мырзакасымова

М.Данакабаева

Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве хозяйственного  
ведения  
«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»  
управления образования  
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Өткізілген күні: 22.05.2024ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
ата-аналар комитеті

Жалпы ата-аналар жиналысының ХАТТАМАСЫ №4

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

**Тақырыбы: Отбасы мен мектептің өзара қатынасының тиімділігі**

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі
2. Жалпыұлттық ата-аналар жиналысын өткізу
3. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету.

«Отбасы мен мектептің өзара қатынасының тиімділігі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелермен ДТЖЖО Б.Ибрагимов таныстырып өтті. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ДТЖЖО П.Садыбекова сөз алып, 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебін айтып өтті. Жыл бойында атқарылған іс-шаралар мен алған жетістіктерге тоқталып, 2023-2024 оқу жылында мектептің біраз рейтингі көтерілгенін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша ДОІЖО Д.Бозшабаева сөз алып, Жалпыұлттық ата-аналар жиналысын өткізудің мақсатын түсіндіріп өтті.

Жалпыұлттық ата-аналар жиналысы — ата-аналар мен мектептің өзара әрекеттестігін күшейтіп, баланың дамуы мен тәрбиесіне ортақ жауапкершілікті арттыратын маңызды шара.

Басты мақсат — «Бала – отбасы мен мектеп бірлігінің нәтижесі» қағидатын өмірде жүзеге асыру.



Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ДТЖЖО Б.Ибрагимов сөз алып, Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету туралы айтып өтті.

Жазғы демалыс – оқушылардың жыл бойы алған білімін бекітіп, денсаулығын нығайтып, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға арналған ең маңызды кезең.

Демалыс уақытының дұрыс және қауіпсіз ұйымдастырылуы — баланың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты кепілі.

Мектеп жанындағы лагерьлерде балалардың демалысын, тамақтануын және белсенді ойындарын ұйымдастыру;

Мәдени-танымдық іс-шаралар (мұражай, театр, саябақтарға саяхаттар);

Спорттық жарыстар мен турнирлер өткізу;

Еңбек және экологиялық отрядтар ұйымдастыру арқылы жауапкершілікке баулу;

Кітап оқу, шығармашылық байқаулар өткізу арқылы рухани-мәдени дамуға мүмкіндік беру.

Балалардың жолда, суда, отта және қоғамдық орындарда қауіпсіздік ережелерін білуін қадағалау;

Суға шомылу кезінде тек рұқсат етілген жерлерде және үлкендердің бақылауымен болуын қамтамасыз ету;

Жол қозғалысы ережелерін сақтау туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

Терроризм мен төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл ережелерін түсіндіру;

Интернет қауіпсіздігі бойынша профилактикалық әңгімелер өткізу.

Мектеп тарапынан ата-аналармен және жергілікті құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалады. Ата-ана мен мектептің бірлескен міндеттері:

Баланың бос уақытын тиімді өткізуге жағдай жасау;

Үйден тыс жерлерге шыққанда қайда баратынын қадағалау;

Телефон байланысын үзбеу және балаға қауіпсіздік ережелерін үнемі еске салып отыру;

Қауіпсіз интернет және әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениетін қалыптастыру.

оқушылардың жазғы демалысы – олардың денсаулығын нығайтып, өмірлік дағдыларын қалыптастыратын маңызды кезең.

Осы уақытта балалардың қауіпсіздігін сақтау – мектеп, ата-ана және қоғамның ортақ міндеті.

Тиімді демалыс – табысты жаңа оқу жылының кепілі!-деп сөзін аяқтады.

**Қаулы:**

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Жалпыұлттық ата-аналар жиналысын өткізу өз дәрежесінде деп бекітілсін.
3. Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету қолға алынсын.

Мектеп директоры

Д.Н.Мырзакасымова

Хатшы

М.Данакабаева





Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве хозяйственного  
ведения  
«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»  
управления образования  
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

Өткізілген күні: 16.03.2024ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
ата-аналар комитеті

**Жалпы ата-аналар жиналысының ХАТТАМАСЫ №4**

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

**Тақырыбы: Адамгершілікке тәрбиелеу құралы еңбек пен ата-ана үлгісі**

1. «Қылмыс-қоғамдағы қауіпті әрекет» Ішкі істер қызметкерлерін қатыстыра отырып, ата-аналарға құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу
2. Кәсіптік білім беру-бүгінгі күннің басты талабы
3. Жарасымды жанұя тренинг

**Тыңдалды:**

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы еңбек пен ата-ана үлгісі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналыс болып өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелермен ДТЖЖО Б.Ибрагимов таныстырып өтті. Бірінші мәселе бойынша Абай АПБ ЖПҚБ ЮПТ инспекторы майор Алтынбеков Ғани Әнуарбекұлы «Қылмыс-қоғамдағы қауіпті әрекет» Ішкі істер қызметкерлерін қатыстыра отырып, ата-аналарға құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қылмыс — бұл қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікке, адамдардың құқықтары мен бостандықтарына қарсы бағытталған қауіпті әрекет. Әрбір мемлекет қылмыстың алдын алу, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және заңдылықты сақтау үшін түрлі шаралар қабылдайды.

Заңды бұзу — тек бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның тыныштығына зиян келтіреді. Сондықтан әрбір азамат заңға бағынуды, өз әрекетіне жауап беруді үйренуі керек.

Қылмыс түрлері әртүрлі: ұрлық, зорлық-зомбылық, алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, киберқылмыс және т.б. Бірақ олардың барлығын біріктіретін ортақ белгі — заңды бұзу және қоғамға зиян келтіру.

Қылмыстың негізгі себептеріне мыналар жатады:

Тәрбие мен отбасылық бақылаудың әлсіздігі;

Білім мен мәдениеттің төмендігі;

Жұмыссыздық, әлеуметтік қиындықтар;

Маскүнемдік пен нашақорлық;

Заң алдындағы жауапкершілікті сезінбеу.

Қылмыстың алдын алу — тек құқық қорғау органдарының емес, мектептің, отбасының және қоғамның ортақ міндеті.

Жасөспірімдер арасында құқықтық тәрбие беру, заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру, өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға үйрету — қылмыстың алдын алудың ең тиімді жолы.

қылмыс — қоғамның дамуына кедергі келтіретін ең қауіпті әрекет.

Әр азамат заңды құрметтеп, адал өмір сүрсе, қоғамда тәртіп пен әділдік орнайды.

Заңды білу — өзінді қорғаудың, ал заңды сақтау — қоғамды қорғаудың кепілі.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ДООЖО Д.Бозшабаева «Кәсіптік білім беру-бүгінгі күннің басты талабы» тақырыбында айтып өтті.

Қазіргі қоғамның дамуы мен ел экономикасының өркендеуі — жастардың сапалы кәсіптік білім алуына тікелей байланысты.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында теориялық білімі бар ғана емес, практикалық дағдысы жоғары, өз ісінің шебері болған мамандарға сұраныс артып отыр.

Сондықтан кәсіптік білім беру — заман талабына сай қоғамның басты міндеті және ел болашағының кепілі.

Кәсіптік білім — бұл тек мамандық алу емес, сонымен қатар өз ісін жетік меңгеріп, өмірден өз орнын табудың жолы.

Мемлекет жастардың кәсіби білім алуына ерекше көңіл бөледі.

Президенттің жолдауларында да "Елдің болашағы — еңбекқор, білімді, кәсіби білікті ұрпақта" деп атап көрсетіледі.

Бүгінде колледждер мен кәсіптік мектептер:

еңбек нарығының талабына сай мамандар даярлайды;

дуальды оқыту жүйесін енгізіп, теория мен практиканы ұштастырады;



студенттердің еңбекке бейімделуін, кәсіпкерлік қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Кәсіптік білімнің артықшылығы – жастардың еңбек жолын ерте бастап, өмірлік тәжірибе жинақтауында.

Қоғамға инженер, технолог, аспаз, тігінші, құрылысшы, медбике, электрик сияқты нақты іс иелері қажет.

Осындай мамандар елдің өндірісін дамытып, экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Кәсіптік білім беру – бүгінгі заманның басты талабы, болашақ табыстың кілті.

Әр жас өз қабілетіне сай мамандық таңдап, кәсіби біліктілігін арттырса – елдің дамуына үлкен үлес қосады.

Білімді, еңбекқор, кәсіби білікті ұрпақ – еліміздің жарқын болашағы!

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша мектеп психологы Ж.Токсанбаева «Жарасымды жанұя» тақырыбында тренинг өткізді.

Мақсаты: «Жарасымды жұп – ол мінсіз адамдар емес, бір-бірін түсінуге, қолдауға және сыйлауға тырысатын адамдар. Отбасындағы үйлесім – махаббат пен сабырдан басталады.»

#### Қаулы:

1. «Қылмыс-қоғамдағы қауіпті әрекет» Ішкі істер қызметкерлерін қатыстыра отырып, ата-аналарға құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізу «өз дәрежесінде» деп танылсын.
2. Кәсіптік білім беру-бүгінгі күннің басты талабы тақырыбында жүргізілген жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылсын.
3. Жарасымды жанұя тренинг үнемі өткізілу қолға алынсын.

Мектеп директоры

Хатшы



Д.Н.Мырзакасымова

М.Данакабаева

Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
**«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»**  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве  
хозяйственного ведения  
**«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»**  
управления образования  
города Шымкент

---

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Ата-аналар комитетінің жиналысы ХАТТАМАСЫ №1**

Өткізілген күні: 08.09.2023ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
1-11 сыныптардың ата-аналар комитеті

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. Өткен оқу жылының қорытындысы және 2023–2024 оқу жылына қойылатын міндеттер
2. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау және жұмыс жоспарын бекіту
3. «Отбасы – тәрбие негізі» тақырыбында бейнеролик көрсету

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова сөз сөйлеп, 2022–2023 оқу жылында атқарылған жұмыстардың қорытындысына тоқталды. Оқу-тәрбие процесінде қол жеткізілген жетістіктер мен туындаған қиындықтар айтылып, жаңа оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер таныстырылды. 2023-2024 оқу жылында, атап айтқанда, оқушылардың білім сапасын арттыру, тәрбиелік іс-шараларды жандандыру, ата-аналармен байланысты нығайту мәселелері қозғалды.

Екінші мәселе бойынша ДТЖЖО Б.А.Ибрагимов ата-аналар комитетінің өткен жылғы жұмысын қорытындылап, жаңа құрамды ұсынды. Ата-аналар арасынан белсенді өкілдер ұсынылып, ашық дауыс беру арқылы жаңа құрам сайланды. Ата-аналар комитетінің төрағасы болын Ж.Жанбұршын сайланды. Сонымен қатар, 2023–2024 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары таныстырылып, бірауыздан бекітілді.

Үшінші мәселе бойынша ДТЖЖО П.Садыбекова «Отбасы – тәрбиенің бастау көзі» тақырыбында бейнеролик көрсетіп, бала тәрбиесінде отбасының



маңызы жөнінде баяндама жасады. Ата-аналар тәрбиелік тақырыпта пікір алмасып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Бүгінгі жиында бала тәрбиесінің негізі – отбасы екендігі туралы әңгіме қозғамақпыз. "Отбасы – тәрбие бесігі" деп бекер айтылмаған. Өйткені баланың алғашқы мінез-құлқы, сөйлеу әдебі, адамгершілігі мен құндылықтары отбасында қалыптасады. Отбасындағы қарым-қатынас, ата-ана мен баланың өзара сыйластығы – баланың бүкіл өміріне әсер етеді.

Баланың көзқарасы мен тұлғалық дамуы көбінесе ата-ананың берген үлгісі арқылы қалыптасады.

Отбасы – адам баласының алтын дінгегі, қоғамның ең басты ұясы. Адам өміріндегі ең қымбат, ең қасиетті ұғымдардың бірі – отбасы. Әр адамның жеке тұлға болып қалыптасуы, рухани өсуі мен адамгершілік қасиеттерінің дамуы ең алдымен отбасындағы тәрбиеге байланысты. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деген халық даналығы осыны дәлелдейді.

Отбасы – баланың алғашқы өмір мектебі. Ол жерде бала үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, мейірімділік пен жауапкершілікті үйренеді. Отбасыдағы тәрбие – барлық тәрбиенің негізі. Егер отбасында жылы сөз, сүйіспеншілік, түсіністік пен сыйластық орнаса, сол ортадан шыққан бала да мейірімді, адамгершілігі жоғары болып өседі.

Қазақ халқы ежелден-ақ бала тәрбиесіне ерекше мән берген. «Бала – бауыр етің», «Бала – адамның бауыр еті» деп, оны аманат, өмірдің жалғасы деп санаған. Әке – отбасының тірегі, қорғаны, баласына өнеге болатын тұлға. Ана – отбасының жылуы, мейірім мен қамқорлықтың символы. Ал ата-әже – ұлттың тәрбие мектебі, салт-дәстүрдің сақтаушысы.

Отбасындағы жақсы тәрбие – қоғамның да ізгі дамуына ықпал етеді. Себебі әрбір бала ертең елдің азаматы, ұлттың болашағы. Егер бала отбасында дұрыс бағыт алып өссе, ол елін, жерін сүйетін, жауапкершілігі жоғары, парасатты тұлғаға айналады.

Қаулы:

1. 2022–2023 оқу жылының қорытындысы қабылдансын, 2023–2024 оқу жылына қойылған міндеттер бекітілсін.
2. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамы бекітіліп, жұмыс жоспары қолдау тапсын.
3. Тәрбие жұмыстары бойынша мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық жалғасын тапсын.
4. «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбындағы бейнематериалдар мен іс-шаралар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Қорыта айтқанда, отбасы – тәрбиенің ең алғашқы әрі ең басты бастау көзі. Отбасында берілген тәрбие – өмір бойы сақталатын рухани байлық. Сондықтан әрбір ата-ана өз перзентіне жақсы өнеге көрсетіп, дұрыс бағыт-бағдар беруі тиіс. Отбасының берекесі мен бірлігі сақталған жерде ғана бақыт пен тәрбие қатар жүреді.

Мектеп директоры

Л.Н.Мырзакасымова

Хатшы

М.Данакабаева





Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
**«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»**  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве  
хозяйственного ведения  
**«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»**  
управления образования  
города Шымкент

---

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Ата-аналар комитетінің жиналысы ХАТТАМАСЫ №2**

Өткізілген күні: 29.09.2023ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
1-11 сыныптардың ата-аналар комитеті

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. Оқушыларды мектепке қабылдау, оқыту және шығару тәртіптері.  
Мектеп ережелерімен таныстыру.
2. Ағымдағы мәселелер.
3. Бірінші сынып оқушылары мен ата-аналарына психологиялық көмек көрсету.
4. Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын жандандыру.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова оқушыларды қабылдау және шығару тәртібімен, мектеп ережелерімен таныстырып өтті.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.А.Ибрагимов сөз алып, ағымдағы мәселелер жөнінде баяндама жасады.

Педагог-психолог Ж.Токсанбаева бірінші сынып оқушылары мен ата-аналарына психологиялық көмек көрсету бағытындағы жұмыстар туралы мәлімет берді.

Бірінші сынып оқушылары мен ата-аналарына психологиялық көмек туралы мәлімет берілді.

Мақсаты:

Бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуін жеңілдету, эмоционалдық тұрақтылығын қалыптастыру және ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету.

1. Оқушыларға көрсетілетін психологиялық көмек бағыттары:

а) Мектепке бейімделу кезеңін бақылау:

Бірінші айда оқушылардың көңіл-күйі, сыныптағы өзін-өзі ұстауы, оқу мотивациясы мен сынып ұжымына үйренісу деңгейі қадағаланады.

б) Психодиагностикалық жұмыс:

Бала темпераментін, зейін мен есте сақтау қабілетін анықтайтын тесттер өткізіледі.

Қорқыныш, уайым, қобалжу деңгейін анықтау мақсатында эмоционалдық күйге арналған сауалнамалар жүргізіледі.

в) Түзету-дамыту жаттығулары:

«Менің мектебім», «Мен және менің достарым» атты арт-терапиялық сабақтар өткізіледі.

Ойын арқылы бейімделу тренингтері ұйымдастырылады («Достық шеңбері», «Көңіл-күй кемпірқосағы», т.б.).

г) Жеке және топтық әңгімелесулер:

Психолог әр баламен жеке сөйлесіп, мектептегі алғашқы әсерін, сезімін анықтайды және қажет жағдайда жеке кеңес береді.

Ата-аналарға көрсетілетін психологиялық көмек бағыттары:

а) Ақпараттық-түсіндіру жұмысы:

«Бала мектепке бейімделу кезеңінде» атты ата-аналар жиналысы өткізіледі.

Ата-аналарға баланы мектепке психологиялық тұрғыдан қолдау жолдары туралы нұсқаулықтар беріледі.

б) Психологиялық кеңес беру:

Балада сабаққа қызығушылықтың төмендеуі, қорқыныш немесе тұйықтық байқалса, ата-аналармен жеке кеңес жүргізіледі.

Отбасындағы эмоционалдық ахуалдың балаға әсері түсіндіріледі.

в) Серіктестік орнату:

Ата-ана, сынып жетекші және психолог арасындағы тұрақты байланыс орнатылып, баланың дамуы мен бейімделу барысы туралы бірлесе бақылау жүргізіледі.

Бірінші сынып оқушылары мектепке тез бейімделеді.

Оқушылардың эмоционалдық тұрақтылығы қалыптасады.

Ата-аналар балаларына қолдау көрсетудің тиімді әдістерін меңгереді.

Мектеп, ата-ана және психолог арасындағы ынтымақтастық нығаяды.

4. Сынып жетекшілер кеңесінің жетекшісі Э.Тумаатаева ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын жандандыру бойынша ұсыныстар айтты. «Ата-аналарға педагогикалық қолдау орталықтарының жұмысын жандандыру» тақырыбында сөз сөйледі.

Ол өз сөзінде ата-аналарға арналған психологиялық-педагогикалық қолдау орталықтарының негізгі мақсаты – ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтарды шешуде көмек көрсету,





Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
**«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»**  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве  
хозяйственного ведения  
**«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»**  
управления образования  
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

### **Анықтама**

Қазан айының 27 жұлдызында ата-аналар комитетімен жиналыс өткізілді. Жиналыста директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Ибрагимов сөз алып, өткен сауалнама туралы айтып өтті.

Қазан айының 09 жұлдызында Қауіпсіздік сабағының өту барысы жайлы сауалнама алынды.

Мектепте өткен қауіпсіздік сабағының мазмұны мен тиімділігін анықтау, оқушылардың қауіпсіздік ережелерін меңгеру деңгейін бағалау, келесі іс-шараларды жетілдіру бағыттарын айқындау

Сауалнамаға қатысушылар:

1–11 сынып аралығындағы оқушылар мен сынып жетекшілер.

Барлығы 2986 адам қатысты.

Сауалнама мазмұны:

Сауалнамада келесі бағыттар қамтылды:

1. Мектептегі қауіпсіздік сабағының өту сапасына баға беру;
2. Өрт, электр, жол және интернет қауіпсіздігі ережелерін білу деңгейі;
3. Төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер туралы түсінік;
4. Мұғалімдердің және оқушылардың қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениеті;
5. Қауіпсіздік тақырыбындағы ақпараттардың жеткіліктілігі.

Қатысушылардың 85–90% қауіпсіздік сабағының пайдалы әрі түсінікті өткенін атап өтті;

Оқушылардың басым бөлігі төтенше жағдай кезінде қалай әрекет ету керектігін біледі;

Кейбір оқушылар интернет және киберқауіпсіздік ережелерін толық меңгермегені байқалды;

Сынып жетекшілердің барлығы сабақтың жүйелі түрде өткізілгенін растады.



Ата-аналар комитетінің төрағасы Ж.Жанбұршын сөз алып, мектепте жүргізілген тәрбиелік шаралардың оқушылар тәрбиесіне тигізер ықпалы туралы айтып өтті.

Мектепте өткізілген тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын, олардың оқушылардың адамгершілік, мәдени және азаматтық қасиеттерін қалыптастыруға тигізетін әсерін талдау.

**Жүргізілген жұмыстар:**

2025 жылдың оқу жылының бірінші тоқсанында мектепте оқушылардың жан-жақты тұлғалық дамуына бағытталған бірқатар тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды.

Олардың ішінде:

«Отбасы – тәрбиенің басты ұясы» атты сынып сағаттары мен бейнероликтер көрсету;

«Қауіпсіз мектеп» акциясы аясында қауіпсіздік ережелерін түсіндіру;

«Тіл мерекесі», «Мұғалімдер күніне арналған мерекелік концерттер» және

«Жолда жүру ережесі – өмір қауіпсіздігі» тақырыптарында шаралар өткізу;

Волонтерлік және экологиялық бағыттағы «Жас ұлан», «Жас табиғат қорғаушы» үйірмелерінің жұмыстары жандандырылды;

Ата-аналармен және сынып жетекшілермен бірлескен тәрбиелік кездесулер ұйымдастырылды.

**Нәтиже:**

Жүргізілген тәрбиелік шаралар оқушылардың мектеп өміріне белсенді

қатысуына, өзара сыйластық пен ұжымдық жауапкершілік сезімін

қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге,

қауіпсіздік пен мәдени тәртіп нормаларын сақтау дағдыларын дамытуға ықпал етті.

Оқушылардың мінез-құлық мәдениетінде, қоғамдық белсенділігінде, өз ойын

ашық білдіру қабілетінде оң өзгерістер байқалды. Мұғалімдер мен ата-

аналардың кері байланысы бойынша тәрбиелік шаралар балалардың

адамгершілік және патриоттық сезімін арттырды.

**Ұсыныстар:**

1. Тәрбиелік шараларды оқу-тәрбие процесімен үйлестіре отырып, жүйелі түрде өткізу;

2. Оқушылардың қызығушылығына сай ерікті және шығармашылық бағыттағы іс-шараларды көбейту;

3. Ата-аналар мен қоғам өкілдерін мектептегі тәрбие жұмысына кеңінен тарту;

4. Тәрбиелік іс-шаралардың нәтижесін тоқсан сайын талдап, мониторинг жүргізу.

5. Қауіпсіздік сабақтарын тоқсан сайын тұрақты өткізу;

6. Интернет қауіпсіздігі және жол қозғалысы ережелері бойынша қосымша бейнематериалдар көрсету;
7. Төтенше жағдайлар кезінде эвакуация жаттығуларын жиі ұйымдастыру;
8. Ата-аналар арасында да қауіпсіздік мәдениетін насихаттау жұмыстарын жүргізу.

Мектеп директоры

Я.Н.Мырзакасымова

Анықтамашы

М.Данакабаева





Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
**«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»**  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве  
хозяйственного ведения  
**«Общеобразовательный средний  
школа № 136»**  
управления образования  
города Шымкент

---

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат, БИН: 201140024738, Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Ата-аналар комитетінің жиналысы ХАТТАМАСЫ №3**

Өткізілген күні: 26.12.2023ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
1-11 сыныптардың ата-аналар комитеті

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. I жартыжылдық қорытындысы
2. Мектеп ,ата-ана, бала арасындағы байланыс
3. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Мектеп директоры  
Л.Н.Мырзакасымова таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  
Б.А.Ибрагимов сөз алып, I-тоқсан бойынша оқу-тәрбиесінің қорытынды есебін  
жасады.

Екінші мәселе бойынша құқық пәнінің мұғалімі М.Джунисов сөз алып,  
«Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс» туралы баяндама оқыды.

Мектеп, ата-ана және бала — бұл үштік бір-бірімен тығыз байланысты. Осы  
үш жақтың өзара түсіністігі мен ынтымақтастығы баланың жан-жақты  
дамуына, білім мен тәрбие алуына тікелей әсер етеді. Егер мектеп пен ата-ана  
бірігіп жұмыс істесе, бала өзін сенімді сезінеді және жақсы нәтиже көрсетеді.

Бала тәрбиесі — тек мектептің немесе ата-ананың ғана міндеті емес, бұл  
екеуінің ортақ жауапкершілігі.

Мектеп — баланың білім мен тәрбие алатын орны, ал ата-ана — баланың  
өміріндегі ең алғашқы ұстазы. Сондықтан мұғалім мен ата-ана үнемі  
байланыста болып, баланың оқу үлгерімі мен мінез-құлқын бірге бақылап  
отыруы қажет.

Мысалы, ата-ананың мектеп өміріне белсене араласуы, жиналыстарға қатысуы, мұғаліммен ашық сөйлесуі — баланың тәрбиесіне үлкен әсер етеді. Ал мектеп өз тарапынан ата-аналарға баланың жетістігі мен қиындықтары туралы дер кезінде хабарлап, бірлесе шешім қабылдаса, нәтижесі әлдеқайда тиімді болады.

Бала өзіне сенім артқан ата-анасы мен мұғалімін көргенде, өзіне жауапкершілікпен қарап, тәртіпті, ізденімпаз болуға тырысады. Қорыта айтқанда, мектеп, ата-ана және бала арасындағы ынтымақ пен бірлік — тәрбиенің алтын кілті.

Үш жақтың өзара түсіністігі мен қолдауы болса, бала өмірде өз орнын таба білетін, елін сүйетін, білімді тұлға болып өседі.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Л.Н.Мырзакасымова сөз алып, ағымдағы мәселелерге тоқталып, алдағы жоспарлармен таныстырып өтті.

Қаулы:

1. I жартыжылдық қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Мектеп , ата-ана , бала арасында тығыз байланыс орнатылсын.
3. Ағымдағы атқарылатын жұмыстар өз дәрежесінде өткізілсін.

Мектеп директоры

Л.Н.Мырзакасымова

Анықтамалы

М.Данакабаева





Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
**«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»**  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве  
хозяйственного ведения  
**«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»**  
управления образования  
города Шымкент

---

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Ата-аналар комитетінің жиналысы ХАТТАМАСЫ №4**

Өткізілген күні: 16.03.2024ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
1-11 сыныптардың ата-аналар комитеті

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

- 1.Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстар
- 2.«Балаларға тәрбие мен білім беруде ата-аналардың құқықтары ма, міндеттері ме?»

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ата-аналар комитетінің төрағасы Ж.Жанбұршын таныстырып өтті. Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстар туралы айтып өтті.

Ата-аналар комитетінің төрағасы Ж.Жанбұршын «Балаларға тәрбие мен білім беруде ата-аналардың құқықтары ма, міндеттері ме?» тақырыбында баяндама оқып өтті.

Бала – еліміздің болашағы, ал оның дұрыс тәрбиеленуі мен сапалы білім алуы ең алдымен ата-ананың қолында. Отбасы – баланың алғашқы мектебі. Сондықтан ата-ана өз баласына дұрыс бағыт-бағдар беріп, қоғамға пайдалы азамат болып өсуіне жағдай жасауға міндетті.

Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше. Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы мен “Неке және отбасы туралы” кодексіне сәйкес, ата-аналардың өз балаларына қатысты құқықтары да, міндеттері де бар.

Ата-аналардың құқықтары:

1. Баласының білім алу орнын өз қалауынша таңдауға;
2. Бала тәрбиесіне қатысты мектеппен және мұғалімдермен бірлесе жұмыс жасауға;
3. Баласының оқу және тәрбие процесіне араласуға, пікір айтуға;
4. Баласының жетістіктері мен оқу үлгерімі туралы ақпарат алуға;
5. Балаға өз көзқарасы мен мәдени құндылықтарын сіңіруге құқылы.

Ата-аналардың міндеттері:

1. Баласына жалпы орта білім алуына жағдай жасау;
2. Баланың адамгершілік, мәдени, рухани тұрғыда дамуына көмектесу;
3. Мектеппен тығыз байланыста болып, мұғалім еңбегіне құрметпен қарау;
4. Баланың мінез-құлқына, тәртібіне, достық ортасына көңіл бөлу;
5. Өз баласының құқықтарын қорғап, оның қауіпсіздігіне жауапты болу.

Ата-ана мен мектеп бірігіп жұмыс істегенде ғана бала өз мүмкіндігін толық аша алады. Тәрбиенің басты мақсаты – баланы адамгершілікке, білімге, еңбекқорлыққа баулу.

Қорыта айтқанда, ата-ана – баланың өмір жолындағы ең алғашқы және ең маңызды ұстаз.

Ата-ананың басты міндеті – балаға мейіріммен қарау, оған дұрыс тәрбие мен сапалы білім алуға жағдай жасау. Баласына сүйіспеншілікпен қарайтын ата-ана – ел болашағына өз үлесін қосқан адам.

### Қаулы:

1. Наурыз мерекесін ұйымдастыру бірлескен жұмыстары жандандырылсын.
2. «Балаларға тәрбие мен білім беруде ата-аналардың құқықтары ма, міндеттері ме?» тақырыбында оқылған баяндама «қанағаттанарлық» деп танылсын.

Мектеп директоры

Д.Н.Мырзакасымова

Хатшы

М.Данакабаева





Шымкент қаласы білім  
басқармасы  
**«№ 136 жалпы орта білім  
беретін мектебі»**  
шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорны



Государственное коммунальное  
предприятие на праве  
хозяйственного ведения  
**«Общеобразовательная средняя  
школа № 136»**  
управления образования  
города Шымкент

---

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Ата-аналар комитетінің жиналысы ХАТТАМАСЫ №5**

Өткізілген күні: 16.03.2024ж  
Қатысушылар мектеп әкімшілігі,  
1-11 сыныптардың ата-аналар комитеті

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1. «Ата-аналар университеті» ата-аналарға педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру.
2. Жазғы демалыс

**Тындалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша мектеп директоры  
Л.Н.Мырзакасымова таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша мектеп психологы А.Базарбаева сөз алып, «Ата-аналар университеті» ата-аналарға педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру туралы айтып өтті.

Мектеп пен отбасының бірлескен жұмысының тиімділігін арттыру, ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын дамыту мақсатында «Ата-аналар университеті» жобасы аясында ата-аналарға арналған консультациялық жұмыстар ұйымдастырылды.

Консультация барысында ата-аналарға баланың жас ерекшеліктеріне сай тәрбие беру, мінез-құлықтағы өзгерістерді түсіну, оқу мотивациясын арттыру, отбасы ішіндегі өзара қарым-қатынас мәдениеті туралы кеңестер берілді.

Педагог-психологтар мен сынып жетекшілер ата-аналарға түрлі практикалық жаттығулар мен сұрақ-жауап түріндегі әңгімелер өткізіп, нақты өмірлік жағдайларға талдау жасады.

Іс-шара ата-аналар тарапынан қызығушылық тудырып, өзара пікір алмасу және тәжірибе бөлісуге мүмкіндік берді.

Ата-аналар университеті шеңберінде өткізілген педагогикалық және психологиялық консультациялар ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлін нығайтып, мектеп пен отбасы арасындағы серіктестікті арттырды. Іс-шара алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табатын болады.

Екінші мәселе бойынша ДТЖЖО Б.Ибрагимов сөз алып, жазғы демалыс туралы айтып өтті.

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізу мәселесі қарастырылды.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың бос уақытын пайдалы әрі қызықты ұйымдастыру жолдары талқыланды.

Мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан жазғы лагерьлерге, үйірмелер мен спорттық секцияларға қатыстыру, оқушылардың кітап оқу, өнер мен спортқа бейімін дамыту бағытында ұсыныстар айтылды.

Сынып жетекшілеріне оқушылардың жазғы демалысын қадағалау, қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, ата-аналармен тығыз байланыста болу тапсырылды.

Оқушылардың жаз мезгілінде демалысын дұрыс ұйымдастыру — олардың денсаулығын нығайтып, жаңа оқу жылына жақсы көңіл-күймен келуіне мүмкіндік беретіні атап өтілді.

#### **Қаулы:**

1. «Ата-аналар университеті» ата-аналарға педагогикалық және психологиялық консультация ұйымдастырылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысын мазмұнды өткізуге жағдай жасалып, ата-аналармен бірлесе отырып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етілсін.

Мектеп директоры

Л.Н.Мырзакасымова

Хатшы

М.Данакабаева

